

«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай өңірлік
университеті» КеАҚ



Бекітілген
Басқарма Төрағасы - Ректор

С.Куанышбаев



ЕРЕЖЕ

ИНТЕГРАЛДЫҚ GRA

Е 059 - 2024

Қостанай, 2024ж.

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕНДІ жұмыс тобымен

2 ЕНГІЗІЛДІ білім беру бағдарламалар бөлімі

3 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ Басқарма отырысының шешімімен 14.10.2024 ж. №11 хаттама

4 ӘЗІРЛЕУШІ:

Н.В.Божевольная– тіркеу офисінің бастығы;

А.П.Коваль– ғылым және коммерцияландыру басқармасының бастығы, экономика ғылымдарының кандидаты;

Д.Б.Ракпанова– жастар саясаты басқармасының бастығы;

Г.С.Исмаилова– білім беру бағдарламалар бөлімінің бастығы;

М.Ә.Сейтқазы – білім беру бағдарламалар бөлімінің әдіскері.

5 САРАПШЫЛАР:

Э.К.Наурызбаева – Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты;

Ж.Б.Жарлыгасов – Басқарма мүшесі, зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты;

Н.М.Темирбеков – Басқарма мүшесі, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының кандидаты.

6 ТЕКСЕРІС МЕРЗІМДІЛІГІ

3 жыл

7 ЕНГІЗІЛДІ: алғаш рет

Осы ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды

Мазмұны

1 Тарау. Қолдану саласы.....	4
2 Тарау. Нормативтік сілтемелер.....	4
3 Тарау. Белгілер мен қысқартулар	4
4 Тарау. Жалпы ережелер	5
5 Тарау. Білім алушының академиялық рейтингі (GPA)	6
6 Тарау. Білім алушының зерттеу жетістіктері (iROS)	7
7 Тарау. Білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI)	9
8 Тарау. Интегралдық GPA есептеу тәртібі.....	12
9 Тарау. Келісу және тарату	12
А Қосымша.....	14
Б Қосымша	18
В Қосымша.....	19
Г Қосымша	23

1 тарау. Қолдану саласы

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 105-тармағын орындау үшін және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша Ережеге сәйкес әзірленді.

2. Ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) білім алушыларының зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттіліктерінің жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру тәртібі мен әдістемесін айқындайды.

3. Бұл құжат университеттің нормативтік – анықтамалық құжаттамасының құрамына кіреді, орындау үшін міндетті болып табылады және Университеттің барлық бөлімшелерінің шегінде әрекет етеді.

2 тарау. Нормативтік сілтемелер

4. Ереже келесі құжаттарға сәйкес құрастырылған:

1) Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасы;

4) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 15 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша ережесі;

5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының интегралдық, оның ішінде әлеуметтік GPA енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдары;

6) Е 067-2023 Академиялық саясат;

7) ҚП 082-2022 Құжаттамалық процедура. Құжаттаманы басқару;

3 тарау. Белгілеулер мен қысқартулар

5. Бұл ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

1) ҚӨУ, Университет – «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ;

2) ТО – Тіркеу офисі;

3) ECTS, немесе European Credit Transfer and Accumulation System (Еуропалық трансфер және несиені жинақтау жүйесі) - бұл Еуропадағы оқу орындары арасындағы академиялық біліктілік пен несиені тануды жеңілдетуге арналған жүйе;

4) ҚР ҒЖБССҚК – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті;

5) МЖӘ - Мемлекеттік-жекешелік әріптестік;

6) ГҚ – Гранттық қаржыландыру;

7) БНҚ - Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру;

8) ҒЖКБ – Ғылым және коммерцияландыру басқармасы;

9) ЗИЦ проректоры – Басқарма мүшесі, зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры;

10) ЖСБ – Жастар саясаты басқармасы;

11) ӘТЖ проректоры – Басқарма мүшесі, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры.

4 тарау. Жалпы ережелер

6. Осы Ереже зерттеуге бағдарланған білімге негізделген және қоғам алдындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар экономиканы құруға қатысатын жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру мақсатында әзірленді.

7. Интегралдық GPA көрсеткіші білім алушының академиялық жетістіктерін бағалау арқылы оның жан-жақты даму деңгейін кешенді өлшеуге мүмкіндік береді.

8. Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) білім алушының академиялық жетістіктері - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде білім алушылардың меңгерген және оның оқу жетістіктерінің, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерінің жалпы деңгейін сипаттайтын білімдер, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;

2) академиялық жетістіктердің интегралдық орташа балы (IGPA (Айджиписэй)) - білім алушының академиялық жетістіктерін кешенді бағалау;

3) GPA үлгерімінің орташа балы - таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);

4) білім алушының зерттеу жетістіктері (iROS (Айрос) - indicators of Research-Oriented Study (Индикаторс оф Ресерч-Ориентед Стади) - зерттеу және жобалау қызметі процесінде (оның ішінде хакатондар мен стартаптарға қатысу) алған, индикаторлармен өлшенетін және оның зерттеушілік қызметтің орташа балын көрсететін білім алушының зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;

5) білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI (ЭсЭсСиАй) - social and sporty competition indicators (социал энд споти компетейшн индикэйторс)) - индикаторлармен өлшенетін және оның әлеуметтік құзыреттердің орташа балын көрсететін қоғамдық (қоғамға қызмет ету (community service (комьюнити сервис), оның ішінде еріктілік қызмет), әлеуметтік және спорттық қызмет процесінде алған білім алушының дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;

9. Университет осы бағыттар бойынша білім алушылар қызметінің түрлері мен нысандарын, ұйымдастыру тәртібін, зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттердің жетістіктерін бағалау өлшемшарттарын, көрсеткіштері мен әдістемесін, бағалау шкаласын және білім алушыларға балл беру тәртібін дербес айқындайды.

10. Зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерді бағалаудың дұрыстығын, объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жауапты бөлімшелер Дағдылар мен құзыреттер карталарын (бұдан әрі - Карталар) әзірлейді.

11. Карталар дағдылар мен құзыреттердің тізбесін, олардың сипаттамасы мен көрсеткіштерін қамтиды және деңгейлер бөлінісінде әзірленеді – университеттік, қалалық, республикалық, халықаралық.

12. Зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттерді бағалау үшін жауапты бөлімшелер бағалау критерийлері мен шкаласын әзірлейді.

13. Интегралдық GPA-ның барлық үш компоненті бойынша бағалауы бағалау жүйесінің бірыңғай 100 балдық шкаласы бойынша жүзеге асырылады.

14. Интегралдық GPA есепке алу және есептеу Platonus ақпараттық жүйесінің «Интегралдық GPA» модулін қолдану арқылы жүргізіледі. Бұл модуль оқу нәтижелерін, ғылыми-зерттеу жұмысын және әлеуметтік құзыреттіліктерді бағалауды қоса алғанда, білім алушылардың кешенді академиялық жетістіктерін бағалау құралы болып табылады.

15. Зерттеу дағдылары мен әлеуметтік құзыреттіліктерді бағалау көрсеткіштерін және олар бойынша қол жеткізілген нәтижелерді есепке алуды университеттің жауапты бөлімшелері жүргізеді.

16. Білім алушылардың жетістіктері рейтингін есептеу ақпараттық жүйеде растайтын құжаттар жиынтығының салымдарымен жүзеге асырылады.

17. Интегралдық GPA есебі академиялық кезең мен оқу жылының қорытындысы бойынша өспелі қорытындымен жүргізіледі.

5 тарау. Білім алушының академиялық рейтингі (GPA)

18. GPA үлгерімінің орташа балы білім алушының оқу жетістіктерін (академиялық кезең, оқу жылы, бүкіл оқу кезеңі үшін) көрсетеді және білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың белгіленген балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыра отырып есептеледі.

19. Академиялық саясатқа сәйкес аралық аттестаттау қорытындысы бойынша директораттар (деканаттар) және ТО білім алушының академиялық рейтингі бойынша оның нәтижелеріне талдау жүргізеді.

20. Білім алушының академиялық рейтингі аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушылардың пәндердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің өзге де түрлерін меңгеру деңгейін сандық бағалауға мүмкіндік береді.

21. Жазғы емтихан сессиясын өткізгеннен кейін директораттар (деканаттар) білім алушылар мен оқу топтарын орта академиялық рейтинг (немесе GPA деңгейі) бойынша топтары, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен оқыту курстары бойынша рейтингтеуді жүргізеді, кейіннен ТО-ға деректерді береді.

22. ТО институттар (факультеттер) ұсынған академиялық рейтинг туралы деректерді жинақтай отырып, білім беру бағдарламалары бөлінісінде саралауды жүргізеді, үздік білім алушыларды айқындайды, ТО бастығы бұл ақпаратты ақпараттық-білім беру порталына орналастырады.

23. Білім алушының үлгерімінің қорытынды деңгейі үлгерімнің орташа балы (Grade point Average – GPA) түрінде бағаланады, ол кредиттер мен пәндер бойынша қорытынды бағалар туындылары сомасының (цифрлық түрде) ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттер сомасына қатынасы ретінде есептеледі, яғни

$$GPA = \frac{K_1 \cdot U_1 + K_2 \cdot U_2 + \dots + K_n U_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n},$$

оның ішінде,

K_1, K_2, \dots, K_n – кредиттерде оқытылатын пәндердің көлемі,

U_1, U_2, \dots, U_n – пәндер бойынша қорытынды бағалар (0-ден 4 дейін),

n – оқу жылында оқытылатын пәндер саны.

6 тарау. Білім алушының зерттеу жетістіктері (iROS)

24. Білім алушылардың зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктері олардың академиялық және кәсіби дайындығында шешуші рөл атқарады. Зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамыту білім алушыларға тек оқуда ғана емес, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметте де көмектеседі, олардың сенімділігі мен өз бетінше зерттеу қабілетін қамтамасыз етеді.

25. Зерттеу құзыреті - зерттеу жүргізудегі, бастапқы ақпаратты, белгілі бір жаңа білімді, жаңа зияткерлік өнімді (тауар, қызмет), жаңа жобаны, проблеманы жаңаша шешуді, сондай-ақ кез келген мәселені зерттеуде адам көрсетуі тиіс дағдыларды алудағы білімнің, дағдылар мен тәжірибенің жиынтығы.

26. Зерттеу құзыреттілігін дамытудың мақсаты ғылыми дағдыларды қалыптастыру, кәсіби қызметте ғылыми зерттеулер жүргізу және жеке басымдықтар мен жаһандық трендтерге сүйене отырып, кәсіби салада үнемі өзін-өзі жетілдіру арқылы зерттелетін және аралас ғылым салаларында ғылыми зерттеулер жүргізе алатын түлекті дайындау болып табылады.

27. Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру мынадай міндеттерге қол жеткізуге бағытталған:

1) білім алушыларда сыни ойлауды дамыту, ғылым мен бизнес-қоғамдастықтың, оның ішінде экономиканың нақты секторының міндеттерін шешу үшін зерттеушінің қасиеттерін қалыптастыру және т. б.;

2) «бакалавр-магистр-PhD докторы» білім беру деңгейлері бойынша оқыту барысында траектория құру арқылы білім алушылардың зерттеу мансабын дамыту;

3) білім алушыларды мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі мәселелерді шешуге байланысты ғылыми жобаларға, шаруашылық шарттарға тарту;

4) ғылыми және стартап-жобаларды іске асыруда білім алушылардың бастамаларын қолдау;

5) білім алушыларға ғылыми салада өзін көрсетуге, өзінің ғылыми-зерттеу әлеуетін іске асыруға, жұмыс топтарының құрамына енгізу және ғылыми жобаларды коммерцияландыру кезінде ақшалай сыйақы алуға мүмкіндік беру.

28. Білім алушылардың зерттеу қызметі мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

1) семестрлік зерттеу тапсырмаларын орындау;

2) ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарына, пәндік олимпиадаларға қатысу, топтық зерттеу жобаларын орындау;

3) студенттік ғылыми қоғамдарға, кафедралық ғылыми үйірмелерге және т. б. қатысу;

4) ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу;

5) ғылыми журналдарда, оның ішінде халықаралық деңгейдегі және ҒЖБССҚК ұсынған мақалаларды жариялау;

6) гранттық қаржыландырумен жұмыс зерттеу топтарының құрамына, МЖӘ шеңберіндегі шаруашылық шарттарға қатысу, стартап-жобаларды ұйымдастыру және коммерцияландыру;

29. Зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің картасын ҒЖКБ әзірлейді және Басқарма мүшесі - ЗИЦ жөніндегі проректоры бекітеді. Білім алушылардың зерттеу Дағдылары мен құзыреттерінің картасы білім алушылардың ғылыми-зерттеу белсенділігін сипаттайтын дағдылар мен құзыреттердің тізбесін, олардың сипаттамасы мен көрсеткіштерін қамтиды. Білім алушылардың зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің картасы А Қосымшасында ұсынылған.

30. Зерттеу дағдыларын бағалау критерийлері:

1) тақырыпты сипаттау/баяндау қабілеті: ғылыми зерттеудің өзектілігі, жаңалығы, зерттеу проблемаларын анықтау;

2) ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу, академиялық жұмыстарды зерттеу және жазу әдістерін түсіну, зерттеудің оңтайлы әдісін таңдау;

3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қалыптастыратын тізбеден немесе Scopus/WOS/IEEE индекстеуімен жариялана отырып, оның ішінде басылымдарда ғылыми мақалалар жазу, ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу дағдылары;

4) зерттеу тапсырмасын іске асыру қабілеті, стартап-жоба элементтерін дербес немесе оқытушының басшылығымен ғылыми негіздеу;

5) талдаудың, есептерді шешудің, сыни ойлаудың әртүрлі әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру, ғылыми эксперимент, компьютерлік модельдеу жүргізу қабілеті.

31. Білім алушының зерттеу құзыреттілігі үшін баллдар білім алушылардың iROS зерттеу жетістіктерінің картасы бойынша беріледі. Студенттің әрбір iROS көрсеткіші осы Ереженің Б қосымшасына сәйкес толтырылады.

32. Кафедрадағы ғылыми жұмысқа жауапты адам білім алушыларға кеңес береді, көмек көрсетеді, iROS зерттеу жетістіктерін растайтын құжаттарының Platonus ақпараттық жүйесінің жеке бейініне уақтылы жүктелуін бақылайды.

33. Зерттеу дағдыларының деңгейін растау үшін білім алушылар растайтын құжаттарды (сертификаттар, бұйрықтар, мақалалардың бедерлері және т.б.) өз бетінше жүктейді, сұрақтар туындаған кезде кафедрада ғылым бойынша жауаптыларға, ҒЖКБ жүгінеді.

34. ҒЖКБ жылына бір рет ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығын және мәлімделген көрсеткіштерге қол жеткізуді мониторингтеуді, бақылауды жүзеге асырады. Егер сұрақтар туындаса, қажет болған жағдайда ҒЖКБ қосымша ақпарат сұрайды.

35. iROS-тегі студенттерді ынталандыру саясаты студенттердің ғылыми әлеуетін дамытуға және білім сапасын жақсартуға ықпал ететін белсенді және нәтижелі зерттеу ортасын құруға бағытталған.

36. Білім алушыларды зерттеу қызметіне ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында мынадай көтермелеу шаралары көзделеді:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын алуға арналған конкурсқа қатысу;
- 2) гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, шаруашылық шарттық жұмыстар шеңберінде ғылыми жобаларды іске асыру үшін зерттеу тобының құрамына қатысу және қосымша жалақы алу;
- 3) мансап және кейіннен жұмысқа орналасу үшін біліктілігін арттыру;
- 4) «бакалавриат-магистратура-докторантура-постдокторантура» үздіксіз оқытудың кәсіби дағдыларын кеңейту үшін ғылыми конференциялар материалдарында, ғылыми еңбектер жинақтарында мақалалар жариялау.

7 тарау. Білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI)

37. Әлеуметтік құзыреттілік - бұл адамның қазіргі қоғамда бейімделуіне, конструктивтік және жанжалсыз өзара әрекеттесуіне, кәсіби міндеттерді нәтижелі шешуге және әртүрлі әлеуметтік рөлдерді ойнауға мүмкіндік беретін тұлғаның интегративті қасиеті.

38. Университеттегі спорттық іс-шаралар студенттердің физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал ете отырып, олардың дамуында маңызды рөл атқарады.

39. Әлеуметтік және спорттық құзыреттіліктерді дамытудың мақсаты - адамдарда қоғамдағы тиімді өзара әрекеттесуге және физикалық денсаулықты сақтауға ықпал ететін дағдыларды қалыптастыру.

40. Әлеуметтік қызметті ұйымдастыру келесі міндеттерге қол жеткізуге бағытталған:

- 1) университетте ұлттық бірегейлік пен бірліктің құндылығын, рухани-адамгершілік құндылықтарды және сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру;
- 2) білім алушыларды белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеу, көшбасшылық қасиеттер мен патриотизмді қалыптастыру;
- 3) мәдени-эстетикалық тәрбиені қалыптастыру, шығармашылық әлеуетті дамыту;
- 4) білім алушыларды халықтың әртүрлі топтарына әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге байланысты жобаларға тарту;
- 5) экологиялық тәрбие;
- 6) әлеуметтік міндеттерді шешу үшін өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

41. Білім алушылардың әлеуметтік қызметінің нысандары мен түрлері:

- 1) волонтерлік қызмет;
- 2) университеттің, өңірдің, елдің қоғамдық өміріне қатысу;
- 3) салауатты өмір салтын, спортпен шұғылдануды насихаттау;
- 4) студенттік өзін-өзі басқару органдарында көшбасшы және мүше ретінде ұйымдастыру және қатысу;
- 5) әлеуметтік және шығармашылық жобаларға қатысу;
- 6) университеттің студенттік клубтарына белсенді қатысу;
- 7) университеттің Студент үйлерінде студенттік өзін-өзі басқару өміріне қатысу;
- 8) Университетте және одан тыс жерлерде пікірталас қозғалысын насихаттау.

42. Әлеуметтік құзыреттер картасын ЖСБ әзірлейді және Басқарма мүшесі - ӘТЖ жөніндегі проректоры бекітеді. Білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен құзыреттерінің картасы білім алушылардың әлеуметтік және спорттық белсенділігін сипаттайтын дағдылар мен құзыреттердің тізбесін, олардың сипаттамасы мен көрсеткіштерін қамтиды. Білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен құзыреттерінің картасы В Қосымшасында берілген.

43. Әлеуметтік құзыреттер келесі бағыттарды қамтиды:

- 1) Коммуникативтік құзыреттер.
- 2) Жалпы құқықтық және экономикалық сауаттылық.
- 3) Жауапкершілікті қабылдау қабілеті.
- 4) Көшбасшы болу қабілеті.
- 5) Өз имиджін құра білу.
- 6) Біреудің ұстанымын қабылдай білу және өз ұстанымын қорғай білу.
- 7) Әлеуметтік рөлдер мен өзара әрекеттесу тәсілдерінің әртүрлілігін түсіну, тұлғааралық мәселелерді шеше білу.
- 8) Күрделі, жанжалды жағдайларда қалыптасқан мінез-құлық сценарийлерінің болуы.

44. Әлеуметтік дағдыларды бағалау критерийлері:

- 1) ояларын нақты жеткізе білу, басқаларды тыңдау, диалог жүргізу және талқылауға қатысу;
- 2) басқалармен тиімді қарым-қатынас жасау, идеялармен бөлісу, әріптестердің пікірлерін ескеру және ортақ мақсаттарға жету мүмкіндігі;
- 3) өз эмоцияларын тану және басқару, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті;
- 4) жанжалдарды конструктивтік түрде шешу, келісімге келу және агрессивті мінез-құлықтан аулақ болу қабілеті;
- 5) өзін-өзі басқара білу, басқаларды шабыттандыру және ұжымдық жұмысты ұйымдастыру;
- 6) өзгеретін жағдайлар мен талаптарға бейімделу қабілеті;
- 7) әлеуметтік жауапкершілік, адалдық және басқаларға құрмет нормалары мен құндылықтарын сақтау;
- 8) ақпаратты талдай білу және өз пікірін дәлелді түрде жеткізе білу;
- 9) әлеуметтік нормалар мен мәдени айырмашылықтарды түсіну, әртүрлі ортада жұмыс істей білу;
- 10) конструктивтік сын айту және конструктивтік сынды қабылдау қабілеті.

45. Әлеуметтік GPA - бұл практикалық тәжірибені жинақтаудың және визуализациялаудың, әр түрлі іс-шаралардағы жетістіктерді ұсынудың, студенттің әлеуметтік тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін көрсетудің ыңғайлы тәсілі.

46. Әлеуметтік құзыреттер мен спорттық жетістіктерді бағалау әлеуметтік және спорттық қызметтің әрбір түрі бойынша көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

47. Білім алушылардың әлеуметтік құзыреттіліктері бойынша балдар Әлеуметтік құзыреттер картасы бойынша беріледі, белсенділік көрсеткіштері және білім алушының спорттық және әлеуметтік белсенділігі үшін балдар беру саны.

48. Әлеуметтік белсенділік нәтижелері бойынша SSCI орташа балл есептеледі.

49. Білім алушының әлеуметтік құзыреттілігі мен спорттық жетістіктері үшін балдар білім алушылардың SSCI жетістіктері картасы бойынша беріледі. Студенттің әрбір SSCI көрсеткіші осы Ереженің Г қосымшасына сәйкес толтырылады.

50. Кафедрадағы тәрбие жұмысына жауапты білім алушыларға кеңес береді, көмек көрсетеді, Platonus ақпараттық жүйесінің жеке бейініне SSCI әлеуметтік құзыреттіліктері мен спорттық жетістіктерін растайтын құжаттардың уақтылы жүктелуін бақылайды.

51. SSCI жетістіктерінің деңгейін растау үшін білім алушылар растайтын құжаттарды (сертификаттар, бұйрықтар, грамоталар, алғыс хаттар және т.б.) өз бетінше жүктейді, сұрақтар туындаған кезде кафедрадағы тәрбие жұмысына жауаптыларға, ЖСБ-ға жүгіну қажет.

52. ЖСБ жылына бір рет ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығын және

мәлімделген көрсеткіштерге қол жеткізуді мониторингтеуді, бақылауды жүзеге асырады. Қажет болған жағдайда, сұрақтар туындаған кезде ЖСБ қосымша ақпарат сұратады.

53. Білім алушыларды SSCI-ге (ЭсЭсСиАй) ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында мынадай көтермелеу шаралары көзделеді:

1) Президенттік стипендия тағайындау. Стипендия iROS ең жоғары баллы бар әр семестрдің қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-тәрбие қызметінде елеулі нәтижелерге қол жеткізген білім алушыларға тағайындалады.

2) Жеңілдіктер мен льготтары барларға өтінімдерді қарау кезінде басымылық көрсету.

3) Дебаттық турнирлерге, фестивальдерге, конкурстарға қатысқаны үшін шығындарды өтеу.

4) Оқу жылының соңында студенттерге арналған жыл сайынғы «TOP – 10 ҚӨУ» сыйлығы (үздік 10 студент).

5) Қазақстанның киелі жерлеріне жыл сайынғы мәдени-демалыс сапарлары.

6) Шығармашылық, әлеуметтік қызметтегі жоғары жетістіктері үшін марапаттау.

8 тарау. Интегралдық GPA есептеу тәртібі

54. Интегралдық GPA білім алушының оқу жетістіктерінің қол жеткізілген деңгейін, зерттеу қызметіне бейімділігін және әлеуметтік құзыреттердің даму дәрежесін көрсетеді.

55. Интегралдық GPA білім алушының академиялық жетістіктерін (IGPA) білдіреді және оқу жетістіктерінен 0,5, зерттеу дағдыларынан 0,35 және білім алушының әлеуметтік құзыреттерінен 0,15 үлес мандерінің қосындысы ретінде есептеледі.

56. IGPA (Айджиписэй) мына формула бойынша есептеледі:

$$IGPA = 0,5 * GPA + 0,35 * iROS + 0,15 * SSCI,$$

осының ішінде,

GPA - үлгерімнің орташа балы;

iROS (Айрос) - білім алушының зерттеу жетістіктері;

SSCI (ЭсЭсСиАй) - білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері.

9 тарау. Келісу, сақтау және тарату

57. Ережені келісу және тарату ҚР 082-2022 құжатталған рәсімге сәйкес жүргізілуі керек. Құжаттаманы басқару.

58. Осы Ережені келісуді Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректормен, Басқарма мүшесі – зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректормен, Басқарма мүшесі – әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректормен, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік

сатып алу бөлімінің бастығымен, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы жүзеге асырады. Осы Ереженің түпнұсқасы «келісу парағымен» бірге ҚҚБ сақтауға қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі.

59. Ереже Басқарма отырысының хаттамалық шешімімен бекітіледі.

60. Осы Ереженің жұмыс данасы Университеттің ішкі корпоративтік желіден кіру мүмкіндігімен университет сайтында орналастырылады.

А Қосымша

Бекітемін

Басқарма мүшесі-
зерттеулер, инновация және
цифрландыру жөніндегі
Проректоры

_____ Ж. Жарлыгасов
« _____ » _____ 2024 ж.

Білім алушылардың зерттеу дағдылары мен құзыреттерінің картасы

Іс-шаралар	Түрі	Аяқталу нысаны	Дағдылар	Құзыреттер
Ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарына қатысу	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы	Конкурсқа қатысу хаттамасы немесе сертификаты, рәсімделген жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізу; - нәтижелерді негіздеу; - зерттеу сұрағын анықтау; - зерттеу әдістерін таңдау және қолдану; - қолданбалы педагогикалық есептерді шешуде теориялық әдістерді қолдану; - педагогикалық эксперименттің компьютерлік модельдерін әзірлеу; - ғылыми мәселелерді шешуге таңдалған әдістерді қолдану; - алынған нәтижелердің маңыздылығын бағалау. ғылыми зерттеуді есеп түрінде рәсімдеу.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсында нәтижелерін ұсыну жөніндегі құзыреті
Ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсында, білім алушылардың пәндік олимпиадасында	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы, білім алушылардың пәндік олимпиадасы	I, II, III дәрежелі диплом, рәсімделген жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоба түрінде рәсімдеу; - жобаның ғылыми нәтижелерін алу үшін жобаны және команданы басқару; - ғылыми-зерттеу жұмысының 	Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін тиімді ұсыну құзыреті

жұлделі орын			<p>нәтижелерін визуализациялай отырып, мультимедиялық презентация рәсімдеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған өнімді конкурс комиссиясына ұсыну; - оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру; - студенттердің кәсіби-тұлғалық әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау; - шешендік дағдылар, питчинг дағдылары. 	
<p>Ғылыми-практикалық конференциядағы баяндама;</p> <p>Ғылыми-практикалық конференцияда жарияланымдар</p>	Ғылыми-практикалық конференцияға белсенді қатысу	Бағдарлама немесе қатысу сертификаты, конференцияның тезистер жинағында жарияланған мақала	<ul style="list-style-type: none"> - баяндама түрінде ғылыми мақала рәсімдеу; - баяндаманың құрылымына, аудитория түріне сәйкес мультимедиялық презентация жасау; - шешендік шеберлік; - ғылыми зерттеуді ғылыми этика және академиялық адалдық нормаларына сәйкес академиялық стильде ғылыми-практикалық конференцияға арналған жарияланымдар түрінде ресімдеу; - ғылыми зерттеудің аннотациясын, кіріспесін, негізгі мәтінін, қорытындыларын ресімдеу; - авторлардың сауалнамасын ресімдеу; - конференция сайтына мақала жіберу, іскерлік хат алмасу 	<p>Ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама дайындау және сөз сөйлеу құзыреті</p> <p>Ғылыми - практикалық конференцияда тезистер түрінде зерттеу нәтижелерін жариялау құзыреті</p>
Ғылыми журналдарда мақала жариялау	Отандық және шетелдік	Ғылыми журналда ғылыми жетекшімен	- ғылыми этика және академиялық	Ғылыми журналда мақаланы дайындау

	журналдардағы ғылыми мақала	(оқытушымен) бірлесіп жарияланған мақала, мақалаға сілтеме	<p>адалдық нормаларына сәйкес академиялық стильдегі жарияланымдар түрінде ғылыми зерттеуді ресімдеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми зерттеудің аннотациясын, кіріспесін, әдіснамасын, қорытындыларын ресімдеу; зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолу жүргізу; - зерттеу әдістерін таңдау және қолдану; - қолданбалы есептерді шешуде теориялық әдістерді қолдану; - журнал сайтына мақала жіберу, мақала беру бойынша іскерлік хат алмасу. 	және жариялау құзыреті
Стартап-жобалар конкурсына қатысу	Стартап-жобалар конкурсына қатысу	Өтінім немесе қатысу сертификаты, стартап-жобаның бизнес - жоспары	<ul style="list-style-type: none"> - стартап-жоба шешуге бағытталған мәселені анықтау; - мақсатты аудиторияны анықтау; - жұмыс гипотезаларын құру; - прототипті мақсатты аудиторияда сынау; - тестілеу нәтижелерін бағалау және гипотезаны растау; - жоба тапсырмаларын орындау үшін командада жұмыс істеу; - нәтижелерді ұсыну 	Стартап-жобаны ұйымдастыру және ұсыну жөніндегі құзыреті

<p>ГҚ, БНҚ, шаруашылық шарттарымен жобалардың жұмыс топтарына қатысу, ғылыми зерттеулерді патенттеу: авторлық куәліктер, патенттер, енгізу актілері</p>	<p>Университет ректорының бұйрығымен уақытша шығармашылық ұжым құрамында жұмыс,</p> <p>Авторлық құқықтарды, патенттерді, енгізу актілерін қорғау түріндегі ғылыми зерттеулерді патенттеу</p>	<p>Шарт бойынша жұмыс тобына бұйрықтар.</p> <p>Авторлық құқық туралы куәлік, патент туралы куәлік, мектепті немесе университетті оқу процесіне енгізу актісі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми шығармашылық ұжымның (жұмыс тобының) құрамында жұмыс істеу; - жоба бойынша аралық және қорытынды есептерді дайындау; - құжаттамамен, шарттық міндеттемелермен, нормативтік актілермен жұмыс істей білу; - нәтижені ғылыми түрде рәсімдеу- - тапсырыс берушілер мен патенттеу үшін зерттеу жұмыстары; - патенттеу түрін таңдау; - kazpatent.kz сайтта авторлық құқықтар мен патенттерді тіркеуді жүзеге асыру; - талаптарға сәйкес ғылыми-зерттеу қызметін енгізу актісін ресімдеу 	<p>Қоғамдық маңызы бар қаржыландырылатын зерттеулерге енгізу жөніндегі құзыреттер.</p> <p>Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелеріне құқықтарды қорғау жөніндегі құзырет</p>
---	--	--	---	--

Ғылым және коммерцияландыру басқармасының бастығы

А. Коваль

Б Қосымша

Білім алушылардың iROS зерттеу жетістіктерінің картасы

№	Белсенділік көрсеткіштері	Статусы				Салмақ коэффициенті	Көрсеткіш үлесі
		Студенттердің зерттеу дағдылары мен құзыреттерін бағалау критерийлері мен шкалалары (бөліп көрсету)					
		Университеттік	Республикалық	ҚР халықаралық	Халықаралық шетелде		
		баллдары	баллдары	баллдары	баллдары		
1	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарына, республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысу	50	100	-	100	0,05	5%
2	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсында, Республикалық пәндік олимпиадада, республикалық және халықаралық олимпиадаларда жүлделі орын	50	100	-	100	0,20	20%
3	Баяндама және ғылыми конференция материалдарында жариялау	50	70	90	100	0,15	15%
4	Ғылыми журналдарда мақала жариялау	50	70	100		0,25	25%
5	Стартап - жобалар конкурсына қатысу, патентті тіркеу	50	70	100		0,15	15%
6	ГҚ, БНҚ, шаруашылық шарттарымен, халықаралық жобалармен жобалардың жұмыс топтарына қатысу, зияткерлік меншік құқығына құжаттар алу	100				0,20	20 %
7	Барлығы					1,00	100%

В Қосымша

Бекітемін

Басқарма мүшесі -
әлеуметтік-тәрбие
жұмыстары жөніндегі
Проректоры

_____ Н.Темирбеков
«_____» _____ 2024 ж.

Білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен құзыреттерінің картасы

Іс-шаралар	Түрі	Аяқталу нысаны	Дағдылар	Құзыреттер
Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөйлеу	Ақпарат пен идеяны аудиторияға жеткізу	Мақала, қатысушының сертификаты	<ul style="list-style-type: none"> – қарым-қатынас стилін аудиторияға бейімдей отырып, өз ойларын нақты және анық жеткізе білу; – интонацияны, қимыл және көз байланысын қоса алғанда, көпшілік алдында сөйлеу әдістерін меңгеру; – ақпаратты құрылымдау және оны түсінікті ету мүмкіндігі; – өз эмоцияларын басқара білу және толқуды жеңе білу; – сұрақтар мен түсініктемелерді мұқият тыңдай білу, оларға барабар жауап беру; – іс-шара барысында өзгерістерге икемді жауап беру және күтпеген жағдайларды басқару қабілеті; – ақпаратты талдау және логикалық дәлелдер құру қабілеті; – сөз сөйлеуді қолдау үшін тиімді слайдтар мен басқа да көрнекі материалдарды жасау; – қажет болса, басқа қатысушылармен 	Көпшілік алдында сөйлеу құзыреті

			өзара әрекеттесу мүмкіндігі. белгіленген уақытта үлгеру және оны сөз сөйлеуді әртүрлі бөліктерге бөлу мүмкіндігі.	
Студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу және ұйымдастыру	Ұйымдастыруға техникалық көмек және өткізілетін іс-шараларға қатысу	Студенттік Парламент (студенттік клубтар, активтер, жатақхана кеңестері) іс-шараны ұйымдастыруға көмектескені үшін Алғыс хат, қатысушы сертификаты, диплом	<ul style="list-style-type: none"> – студенттерге арналған мәдени, білім беру және әлеуметтік іс-шараларды жоспарлау және өткізу; – студенттер үшін мүмкіндіктер, оқиғалар мен бастамалар туралы ақпарат жинау және тарату; – студенттік бірлестіктерді, клубтар мен қызығушылық топтарын құру және қолдау; – университетте оқу және өмір сүру жағдайларын одан әрі жақсарту үшін студенттердің пікірлері мен қажеттіліктерін зерттеу; – студенттер, әкімшілік және басқа да мүдделі тараптар арасында байланыс орнату; – студенттерді оқу орнына қатысты маңызды шешімдерді әзірлеу және талқылау процесіне тарту; – студенттерге қаржылық және ұйымдастырушылық қолдауды қоса алғанда, олардың жобалары мен идеяларын жүзеге асыруға көмектесу; – студенттердің біліктілігін арттыру үшін тренингтер, семинарлар мен шеберлік сыныптарын өткізу; – ұйымның мақсаттарына жету үшін бюджет қаражаты мен ресурстарды тиімді бөлу. 	Көшбасшылық Байланыс Топтық жұмыс Ұйымдастыру дағдылары Жанжалды шешу Эмоционалды интеллект Сыни тұрғыдан ойлау Әлеуметтік жауапкершілік

П 059-2024

Спорттық жарыстарға қатысу	Жарыстар, спартакиадалар, турнирлер, біріншіліктер, чемпионаттар	Медальдар, кубоктар, дипломдар	<ul style="list-style-type: none"> – тиісті спорт түріндегі арнайы техника мен тактиканы игеру және жетілдіру; – жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындығын дамыту; – жарыс жағдайында қысым мен стрессті жеңе білу; – серіктестермен және жаттықтырушылармен қарым қатынас жасау қабілеті; – мақсат қою және оларға жету үшін жұмыс істеу қабілеті 	Топтық жұмыс, Байланыс, Көшбасшылық, Эмоционалды интеллект, Тәртіп және жауапкершілік
Шығармашылық қызмет	Бағыттар бойынша шығармашылық түрлері (бейнелеу өнері, музыка, театр және т. б.)	Шығармашылық марапаттар, дипломдар, грамоталар алу	<ul style="list-style-type: none"> – жаңа идеялар мен тәсілдерді қалыптастыру қабілеті; – тәжірибелер мен стандартты емес шешімдерге ашықтық; – өз идеяларын тиімді жеткізе білу; – басқалардың пікірлерін тыңдау және ескеру қабілеті; – өз жұмысын және басқалардың жұмысын талдау және бағалау қабілеті; – қорытынды жасау және тәжірибеден үйрену қабілеті; – белгілі бір қызметпен байланысты нақты аспаптар мен технологияларды білу (мысалы, графикалық бағдарламалар, музыкалық аспаптар және т. б.); – жобаларды жоспарлау және басымдық беру қабілеті; – уақыт пен ресурстарды басқару қабілеті; – басқа адамдармен ынтымақтастық 	Шығармашылық, Байланыс, Аналитикалық ойлау, Техникалық дағдылар, ұйымдастыру және жоспарлау, Командада жұмыс істеу, Өзін-өзі оқыту, Эмоционалды интеллект, стресске төзімділік.

			<p>және идеялармен бөлісу қабілеті;</p> <ul style="list-style-type: none">– конструктивтік сынды қабылдауға дайын болу;– өз дағдыларын дамытуға және жетілдіруге ұмтылу;– жаңа бағыттар мен техниканы үйренуге дайындық;– өз эмоцияларын, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілеті;– шығармашылықта маңызды болуы мүмкін тақырыптар мен көңіл-күйге сезімталдық;– сын мен сәтсіздіктерді жеңе білу;– қиын жағдайларда тыныштық пен зейінді сақтау қабілеті.	
--	--	--	---	--

ЖСБ бастығы

Д.Рақпанова

Г Қосымша

Білім алушылардың әлеуметтік және спорттық жетістіктерінің SSCI картасы

№	Белсенділік көрсеткіштері	Статусы ұйымдастырушы – 10 балл, қатысушы – 5 балл				Салмақ коэффициенті	Көрсеткіш үлесі
		Әлеуметтік құзыреттер мен спорттық жетістіктердің критерийлері және бағалау шкаласы					
		Қалалық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық		
		баллдары	баллдары	баллдары	баллдары		
1	Конференция, брифинг, көпшілік алдында сөйлеу	100	100	100	100	0,10	10%
2	Студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу және ұйымдастыру	100	100	100	100	0,40	40%
3	Спорттық іс-шара	100	100	100	100	0,20	20%
4	Шығармашылық қызмет	100	100	100	100	0,20	20%
5	Басқа	100	100	100	100	0,10	10%
6	Барлығы					1,00	100%